Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

17 наурыз сейсенбі
№20 (2232)
2026 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ – ЖЕТІСТІК ПЕН ТАБЫС

ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ БАРЫСЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН ЭКЗИТ-ПОЛЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

«Қазмедиа орталығының» студиясында экзит-полл нәтижелері таныстырылғаннан кейін Мемлекет басшысы мәлімдеме жасады.

– Бүгін – Қазақстан үшін тарихи күн! Еліміздің азаматтары конституциялық реформаны қолдап, референдумға белсенді түрде қатысты. Отанымыздың болашағын ойлап дауыс берді. Бұл – өте жақсы оқиға. Қазір ғана экзит-поллдың нәтижелері шықты. Соған сәйкес қазақ елі түбегейлі тарихи таңдауын жасады. Халқымызға шынайы ризашылығымды айтқым келеді. Бүгін жұртымыз дауыс беріп, Қазақстанның тарихын, тағдырын айқындады. Бұл шешім дүние жүзі тарихында мәңгі сақталады. Бұл мәселе бойынша ешқандай күмәнім жоқ. Өйткені бұл – азаматтарымыздың бойындағы нағыз отаншылдық нышаны. Енді жыл сайын 15 наурызды – Конституция күні, яғни, еліміздің ең басты мерекесінің бірі ретінде қарсы аламыз. Себебі Қазақстан халқы жаңару мен жаңғыру үшін дауыс берді. Бұл – біздің бәрімізге ортақ жетістік. Баршаңызды шын жүректен құттықтаймын! – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев жалпыұлттық референдум аса жоғары деңгейде өткенін, ашық әрі әділ болғанын айтты. Президенттің пікірінше, барлық заң талаптары мен демократиялық нормалар қатаң сақталды. Мұны еліміздің және шетелдің байқаушылары да айтып отыр.

– Азаматтар жасаған таңдаудың түпкілікті қорытындысын заңға сәйкес Орталық референдум комиссиясы ресми тәртіппен шығарады. Бірақ қазірдің өзінде Қазақстан халқы ынтымақ пен бірліктің, патриотизмнің, Отан тағдырына ортақ жауапкершіліктің керемет үлгісін көрсетті деп айта аламыз. Азаматтарымыздың басым бөлігі Өркендеу, Әділет, Заң мен Тәртіп, Табиғатты аялау және Тазалық жолын таңдады. Бұл – өте жақсы жол. Жаңа Халық Конституциясы елімізді тың жетістіктер мен табыстарға бастайды. Бұған ешқандай күмән жоқ. Дауыс берушілер саны бойынша ең жоғары рекордтық көрсеткіш тіркелді. Мұндай жағдай көптен бері болмап еді. Учаскеге келіп, азаматтық ұстанымын анық білдірген баршаға алғыс айтамын. Осы арқылы күллі әлемге қазақ қоғамының саяси мәдениеті жоғары екенін паш еттік. «Бірлік бар жерде тірлік бар». Бірлік бар жерде өркендеу бар. Елдің қуаты – бірлікте. Бізге татулық пен достық, сабырлық пен табандылық, жасампаздық пен ұқыптылық, еңбекқорлық пен сенімділік ауадай қажет. Сонда ғана озық, дамыған, бәсекеге қабілетті ел боламыз, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан халқы қолдаған, жаппай дауыс берген Конституция – еліміздің темірқазығы.

– Жаңа Конституция – Тәуелсіздік пен егемендік тірегі. Ата заңымыз – адам құқығы мен бостандығының мызғымас кепілі. Біз бір ел болып Заң мен тәртіп сақталатын, жауапты және жасампаз азаматтары бар Әділетті қоғам құру жолында маңызды қадам жасадық. Осылайша, бүгін ұлт тарихының жаңа парағын аштық. Алда ауқымды жұмыстар күтіп тұр. Ең бастысы, халқымыз түбегейлі өзгерістерді барынша қолдайды. Біз ортақ мүдде жолында күш біріктіріп, келер ұрпаққа Өркениетті, Озық Қазақстанды аманат етеміз. Мен бұған кәміл сенемін. Осы референдум кезінде жастар белсенді түрде сайлауға қатысты. Жастарымызға мың да бір рақмет! Жастарымыздың дауысы, үні өте жақсы естілді. Әрқашан аман болыңыздар! Қазақ елінің қасиетті Тәуелсіздігі мәңгі болсын! Отанымыз – Қазақстан Республикасы жасай берсін! Жаңа Конституциямыз құтты болсын! – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Akorda.kz

EXIT POLL: ХАЛЫҚТЫҢ 86,7 ПАЙЫЗЫ ЖАҢА АТА ЗАҢДЫ ҚОЛДАДЫ

Еуразиялық интеграция институты еліміздің 17 өңірі мен Астана, Алматы, Шымкент қалаларында референдум учаскелеріне барып, дауыс берген азаматтар арасында сауалнама жүргізген.

«Сауалнамада 200 референдум учаскесін қамтыды. Оның ішінде 129-ы қалада, 71-і ауылдық жерде орналасты. Сауалнамаға жалпы 30 мың респондент қатысты. Оларға арнайы даярланған сұхбат алушылар face-to-face әдісі арқылы сауал қойды. Зерттеу нәтижелерінің қателігі 1%-дан аспайды. Күні бойы жеті өлшем жүргізілді. Аралық қорытындылары 09.00-де, 10.30-да, 12.30-да, 14.30-да, 16.30-да, 18.30 және 20.30-да жасалды», – делінген институт мәлімдемесінде.

Дауыс берушілерге «Сіз жаңа Конституцияны қабылдайсыз ба?» деген сұраққа қай жауап нұсқасын таңдадыңыз?» деген бір ғана сұрақ қойылған. Exit poll нәтижелеріне сәйкес, респонденттердің 86,7 пайызы «Иә, қабылдаймын» деп жауап берген. Айта кетсек, референдумға азаматтардың 75,3 пайызы қатысты.

САРАПТАМА

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР НЕСИЕ АЛУДАН БАС ТАРТА БАСТАДЫ МА?

Несие алу – қазақстандықтар үшін қалыпты құбылыс. Жалақысы жетпеген жағдайда немесе белгілі бір затты бірден сатып алуға мүмкіндік болмаған кезде адамдар банктерге жүгінуді оңай шешім ретінде қабылдайтын. Тіпті қоғамда «несиесіз өмір жоқ» деген түсінік қалыптасқандай. Көбі тұрмыстық техника, смартфон, жиһаз, тіпті демалыс сияқты қажеттіліктеріне несие алып келді. Банктер мен қаржы ұйымдары да тұтынушылық несиелерді белсенді ұсынып, несие алу қарқынды жүрді. Алайда соңғы уақытта белгілі бір өзгерістер байқала бастады. «Halyk Bank» бас директоры Үміт Шаяхметова реттеу шараларының күшеюіне байланысты тұтынушылық несие берудің баяулағанын айтты. Бұл нені білдіреді? Қарапайым жұрт қарыз алудан бас тарта бастады ма, әлде несие алу шарттары қиындап кетті ме?

2-БЕТТЕ

СҰХБАТ

АЛҒАШ РЕТ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ӘЗІРЛЕНГЕН БАСТЫ ҚҰЖАТ

15 Наурыз – тәуелсіз қазақ елі үшін тарихи сәт. Бұл күні республикалық референдум өтіп, Тәуелсіз мемлекеттің басты құжаты, жаңа Конституцияның қабылдануын ел болып қолдады. Енді бұл атаулы күн күнтізбеге Конституция күні болып енбек. Ел қолдаған жаңа Конституцияның мәні мен маңызы жайында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің, Құқықтану білім беру бағдарламаларының аға оқытушысы, заң ғылымдарының кандидаты, адвокат Ерлан Алтаевпен сұхбаттасудың сәті түсті.

– Ерлан Амангелдіұлы, өзіңіз заңгер, ғалым ретінде референдумға дейін жаңа Конституция жобасын халыққа түсіндіріңіз. 15 наурызда өткен референдумда халық жаңа құжатты қолдады. Жаңа Конституцияның жаңалығына тоқталсаңыз...

– Жаңа Конституцияда түбегейлі принциптердің басым бөлігі өзгеріссіз. Ал өзгерістерге тоқталсақ, Конституция алғаш рет қазақ тілінде әзірленді. Жатық тілде жазылған. Халықтың қабылдауына ыңғайлы. Арнаулы терең білім талап етілмейді. Екіншіден, соңғы жылдары қоғам талқысында жүрген мәселелер шешімін тапты, мысалы, бір Палаталы парламент, сот процесіндегі жарыспалылық қағидасын қамтамасыз ету үшін «Миранда ережесін» оқу міндеттілігі, адвокатура туралы арнаулы норманың пайда болуы, заң шығарушы орган құрамын қалыптастыру кезінде әлемдік стандартқа сай пропорционалды сайлау жүйесі бойынша тек тіркелген ұйымдар арасынан өкілдер депутат бола алатыны, (яғни Президент бірнеше депутат, ҚХА бірнеше депутат ұсынады деген артықшылықтардың алынып тасталуы), зияткерлік меншік құқығы қорғалатыны туралы арнайы норма, Халық кеңесі, Вице-президент субъектілері және тағы басқа мәселелер.

– Бір палаталы парламент құрудың ерекшелігіне тоқталсаңыз. Құрылтайдың мақсат-міндеті, ат-қарар қызметінде қандай артықшылықтар бар? Құрылтайдың арқалар жүгі қандай?

– Бұл, әрине, үлкен күрделі жауапты құрылым болады. Құрылтайдың қате жіберуіне құқығы жоқ. Егер Құрылтай тарапынан ұсынылған және оң деп таныған құқықтық құжат Конституцияға және өзге заңдарға қайшы келетінін өткізіп алса Құрылтайға кешірім жоқ. (47 бабы, 3 бөлігі).

Бұрын екі палата орындаған жұмысты Құрылтай атқарады. Заң қабылдау мерзімі кемиді. Сапа мәселесіне тікелей өздері жауапты болады. Мәжіліс Сенатқа – Сенат Мәжіліске сенім артатын секілді ысырып салу болмайды. Қалған мәселелер бұрынғыдай жүреді деп ойлаймын.

2-БЕТТЕ

МӘСЕЛЕ

КАРБОН ЕГІНШІЛІГІ: ТОПЫРАҚ ҚҰНАРЫН АРТТЫРУДЫҢ ЖОЛЫ

Бүгінде әлемде ауыл шаруашылығы саласы жаңа белеске қадам басты. Ендігі кезекте фермерлер тек өнім алып қана қоймай, ауадағы зиянды көмірқышқыл газын топыраққа «байлап», климатты сақтауға атсалыспақ. Бұл бағыт ғылымда «карбон егіншілігі» деп аталады. Халықаралық зерттеулер көрсеткендей, егер әлемдегі барлық егістік жерлер осы әдіске көшсе, жылына 2-ден 5 миллиард тоннаға дейін көміртек шығарындыларын азайтуға мүмкіндік бар. Бұл саладағы басты тәсілдің бірі – топырақты барынша қозғамау немесе мүлде жер жыртпау. Тәжірибе көрсеткендей, жер жырту топырақ астындағы көміртектің ауаға ұшып кетуіне әкеледі. Сондықтан мамандар топырақты қопсытпай, керісінше егін қалдықтарымен жауып тастауды жөн көреді. Бұл жердің ылғалдығын сақтап, эрозиядан қорғайды.

4-БЕТТЕ

15 Наурызда елімізде маңызды саяси оқиға – республикалық референдум өтті. Бұл оқиға елдің саяси жүйесін жаңғырту және жаңа конституциялық өзгерістерді қабылдау мәселесіне арналды. Халықтың мемлекет басқаруына тікелей қатысу құралы референдум екені белгілі. Сол үшін де қашанда саяси оқиғалардан қалыс қалмаған қазақ жұрты сайлау учаскелеріне ағылды.

РЕФОРМАДАН РЕФЕРЕНДУМҒА ДЕЙІН: ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ҚАЛАЙ ҚАБЫЛДАНДЫ?

Суретке түсірген Нұрболат Нұржаубай

2-БЕТТЕ

РЕФОРМАДАН РЕФЕРЕНДУМҒА ДЕЙІН: ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ҚАЛАЙ ҚАБЫЛДАНДЫ?

2026 жылы 21 қаңтарда Президент 120-дан астам адамнан тұратын Конституциялық комиссия құру туралы жарлыққа қол қойды. 31 қаңтарда алты отырыстан кейін Конституциялық комиссия Қасым-Жомарт Тоқаевқа 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы баптарының шамамен 84%-ына өзгеріс енгізу қажет деп тапқандықтан, мүлде жаңа Конституция әзірлеу қажет деген қорытынды ұсынды. Комиссия алғашқы жобаны қоғамдық талқылауға жариялады.

Конституцияның алғашқы жобасы қоғам арасында кеңінен талқыланды. Құжат жобасында адам құқықтары мен бостандықтары мемлекет қызметінің басты басымдығы ретінде көрсетілді. Атап айтқанда, өмір сүру құқығы, жеке басына қол сұғылмаушылық, жеке деректерді қорғау сияқты нормалар ерекше атап өтілді. Ақпан айының басында жаңа Конституция жобасын талқылау республика көлемінде жалғасты. Қоғамдық ұйымдар, сарапшылар, заңгерлер және қарапайым азаматтар өз ұсыныстары мен пікірлерін білдірді. Бұл талқылаулар бұқаралық ақпарат құралдарында және қоғамдық алаңдарда кеңінен жарияланды. Кейін Конституциялық комиссия қоғамнан түскен ұсыныстарды сараптап, құжат жобасын жетілдірді. Нәтижесінде Конституцияның жаңартылған нұсқасы әзірленіп, 11 ақпанда Конституциялық комиссия өзінің 12-ші отырысында жаңа Конституция жобасы бүкілхалықтық референдумға дайын екенін мәлімдеді. Сол күні комиссия соңғы жобаны Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа ұсынды. Президент комиссияның жұмысын жоғары бағалап, жақын арада референдум өткізуге жарлыққа қол қоятынын мәлімдеді. 11 бөлім 95 бапты қамтитын Ата заңда Қазақстанның негізгі мемлекеттік принциптері, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, мемлекеттік институттардың құрылымы және конституциялық түзетулер енгізу рәсімдері егжей тегжейлі қарастырылған.

Сонымен ел азаматтарына арналған жаңа Конституция жобасын қабылдау үшін референдум ұсынылды. Дауыс беру бюллетенінде сайлаушыларға «Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сұрақ қойылды. Осылайша халыққа елдің негізгі заңына қатысты өз пікірін білдіруге мүмкіндік берілді. Референдумға дауыс беруге келген Мемлекет басшысы жаңа Конституция жобасына қатысты журналистерге брифинг берді. Кездесуде Конституция жобасын әзірлеу жұмыстары біраз уақытқа созылғанын, 2022 жылы Конституцияға өзгерістер енгізілгенін, сол кездің өзінде жаңа Конституция қабылдауға болатынын, бірақ ондай қадамға бармағанын айтты. «Біз көштен қалмай, прогрестің алдыңғы шебінде жүруіміз керек. Озық ел болсақ, басқа мемлекеттер бізге құрметпен қарайды», – деген Қасым-Жомарт Тоқаев Вице-Президент туралы қоғамда айтылып жүрген пікірлерге жауап берді.

– Вице-Президент лауазымы туралы әртүрлі әңгіме айтылып жүргенін білемін. Шын мәнінде, бірқатар шет мемлекетте Вице-Президент лауазымы бар. Кейбір сарапшылар «Қазақстанда билік ішінде бәсеке өршіп, түрлі үрдістер жүреді, елге зиян келеді», – деген пікір білдіріп жатыр. Бұл мәселеде қоғамға зардап келетіндей қорқыныш жоқ. Вице-Президент лауазымы біздің билік институттарын нығайтады. Келешекте бәрі айқын болады. Мемлекет басшысы ретінде бұл лауазымға, жалпы бүкіл реформаға үлкен үміт артып отырмын. Ал Президент сайлауы қазіргі Конституцияға сәйкес 2029 жылы өз мерзімінде өтеді, – деді Мемлекет басшысы.

1991 жылы еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін мемлекеттік басқару жүйесінде Вице-Президент қызметі енгізілді. Бұл қызмет Президентке көмек көрсету және билік сабақтастығын қамтамасыз ету мақсатында құрылған еді. 1995 жылғы Конституция қабылданғаннан кейін Вице-Президент қызметі жойылды. Оның орнына мемлекеттік басқару жүйесінде басқа институттар күшейтілді. Қоғам қайраткері Мұрат Бақтияұлы жаңа Конституцияға сәйкес Вице-Президент қызметі егер Мемлекет басшысы ауыр науқас, сапар, басқа да себептермен уақытша өз міндетін атқара алмаса, оның өкілеттігін орындайтын жүйе деп түсіндірді.

– Вице-Президент төтенше немесе күтпеген жағдайда Президенттің уақытша орнын басатын тұлға. Бұл мемлекеттік басқарудың үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін қажет. Бұрынға жүйе бойынша оқыс жағдайда Президенттің орнын басатын Парламент сенатының төрағасы еді. Жаңа Ата Заң бойынша бір палаталы құрылтай жүйесінде бұл құзіретті Вице-Президент атқарады, – деді Мұрат Бақтияұлы.

Референдум Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес 15 наурыз күні таңғы сағат 07:00-де басталып, кешкі 20:00-ге дейін жалғасты. Қазақстан бойынша мыңдаған дауыс беру учаскелері ашылып, азаматтар өз таңдауын жасауға мүмкіндік алды. Сайлау учаскелерінде бақылаушылар мен халықаралық ұйымдардың өкілдері де жұмыс істеді. Сонымен қатар сайлау процесіне толық қатысуға жағдай жасау мақсатында денсаулық жағдайына байланысты немесе басқа да себептермен учаскеге келе алмайтын азаматтарға үйде дауыс беру мүмкіндігі қарастырылды.

Референдумға азаматтардың қатысу деңгейі бойынша Қызылорда облысы басым түсті. Орталық сайлау комиссиясының хабарлауынша, Сыр өңіріндегі сайлаушылардың 91%-дан астамы Қазақстанның жаңа Конституциясы бойынша референдумға дауыс берген. Комиссияның мәліметі бойынша, сағат 18:00-дегі жағдай бойынша 8 845280 адам бюллетень алды, бұл сайлаушылардың жалпы санының 70,98%-ын құраған. Басқа барлық аймақтарда азаматтардың 65%-дан астамы дауыс беруге келсе де, Алматы және Астанада ең төменгі көрсеткіш байқалды. Сайлау күні елдің көптеген аймағында мерекелік атмосфера байқалды. Кейбір қалаларда мәдени іс-шара ұйымдастырылып, тұрғындарға қолайлы жағдай жасалды. Бұл азаматтардың саяси процеске белсенді қатысуына оң әсер етті.

15 Наурыздан 16 наурызға ауған түні референдумның экзит-полл қорытындысы шықты. Сауалнама жүргізуге рұқсат алған үш институт «дауыс берушілердің 86 пайыздан астамы жаңа Конституцияны қолдады», – деп мәлімдеді. Еуразиялық интеграция институты жүргізген сауалнама бойынша, дауыс берушілердің «86,7 пайызы жаңа Конституцияны қолдаған». Астана «Социс-А» әлеуметтік зерттеулер институты «87,4 пайыз адам жаңа Конституция жобасын қолдады» деген ақпарат берген. Ал «Аманат» партиясының қоғамдық саясат институтының экзит-полл қорытындысы 88,6 пайызды құраған.

Қорытынды шыққан соң Президент жастармен кездесті. Парламент сайлауының жазда өтетінін мәлімдеп, экзит-полл қорытындысымен танысып, жаңа Конституция қабылданғанын айтты.

– Халқымызға шынайы ризашылығымды айтқым келеді. Бүгін жұртымыз дауыс беріп, Қазақстанның тарихын, тағдырын айқындады. Бұл шешім дүние жүзі тарихында мәңгі сақталады. Себебі Қазақстан халқы жаңару мен жаңғыру үшін дауыс берді. Бұл – біздің бәрімізге ортақ жетістік. Баршаңызды шын жүректен құттықтаймын! – деді Мемлекет басшысы.

Жаңа Конституция мемлекеттік билік тармақтары арасындағы өкілеттіктерді қайта бөлуге, парламенттің рөлін күшейтуге және мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған өзгерістерді қамтиды. Орталық референдум комиссиясы дауыс беруге құқылы 12 миллионнан аса адамның 73,24 пайызы дауыс бергенін мәлімдеді. Яғни 9,1 миллионнан аса адам бюллетень алған. Сонымен бірге енді 15 наурыз елде «Конституция күні» болып бекітілді. Осылайша, референдум Қазақстан қоғамының демократиялық дамуы мен саяси жаңғыру жолындағы маңызды кезеңдердің бірі ретінде тарихта қалды.

Думан КЕҢШІЛІК

АЛҒАШ РЕТ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ӘЗІРЛЕНГЕН БАСТЫ ҚҰЖАТ

– Жаңа Конституцияның VI бөлімі «Қазақстан Халық Кеңесі» деп аталады. Оқырмандарға Халық кеңесінің қоғамдағы ықпалы қандай болатынын түсіндірсеңіз...

– Конституцияда «Халық кеңесі» туралы ұғым бар. Бұл ұйым – халық елшілері. Елдің мұң-мұқтажын тізбектеп, оларды шешу бойынша қажетті құқықтық құжатты әзірлеп заң шығарушы бастама көтере алады. Халық Кеңесі туралы алдағы уақытта арнайы заң қабылданады. Ал оның құрамына қоғам белсенділері кіреді. Сыр өңірінде өткен Ұлттық құрылтайдың құрамындағы азаматтар да қамтылуы мүмкін. Бұл ұйым кімге есеп береді, жауапкершілігі қалай анықталады және басқа мәселелер заңмен анықталады деп ойлаймын.

– Конституциядағы жаңа терминнің бірі – «Миранда ережесі». Бұл қазақ қоғамына, адам құқын қорғауға қалай ықпал етеді?

– Бұл ереже бізге Америка құрама штаттарынан белгілі. «Миранда ережесінің» негізінде әрбір ұсталған азамат өзінің не үшін ұсталғаны туралы білуге, үнсіздік жариялауға, әрбір айтылған сөздің өзіне қарсы қолданылуы мүмкіндігі туралы білуге, адвокаттың көмегіне жүгіну құқығы туралы ұстау процестік әрекетін жүргізіп жатқан лауазымды тұлғалар тарапынан ауызша айтып түсіндіру міндеттемесін айтамыз.

Бұл ереже бір қарағанда қарапайым, түкке тұрғысыз дүние болып көрінуі мүмкін. Алайда ұстау жүргізілетін азаматқа күш қолданып жатқан құқық қорғау қызметкерлерінің оның құқығын қорғау жауапкершілігін арттырады. Мысалы, күдік келтірілген азаматты құзыретті орган қызметкерлері ұстап алып оған сол процесс барысында ауыр сөздер айтуы мүмкін. Осылайша психологиялық тұрғыда ұсталып жатқан азаматтың кінәсіздік презумпциясы деп аталатын конституциялық кепілдіктеріне қол жеткізе алмауы мүмкін. Тіпті ұсталған азамат кінәлі болғанның өзінде соттың үкімі шығып, ол күшіне енгенге дейін кінәсіз болып танылатыны белгілі.

Сот төрелігін соттың ғана жүзеге асыруы деген қағидада бұл процестік әрекет барысында бұзылуы мүмкін. Күш қолданатын қызметкер әрбір әрекетіне, келтірілген залалға құқықтық баға берілетінін сезіне алады. Одан бөлек күш қолданатын қызметкер қаншалықты субъективті факторлар жағымсыз сипатқа ие болса да, яғни қатты ашулы болған жағдайдың өзінде ішінен адамгершілік сипатқа ие «Миранда ережесінің» негізгі сөйлемдерін ұсталып жатқан азаматқа дауыстап, жағымды ырғақпен айтып беруге міндеттеледі. Яғни, оны айту арқылы артық қимылдарына, сөздеріне тосқауыл болады. Яғни ұстауды жүргізіп жатқан қызметкер ешкімнің көмегінсіз, не ықпалынсыз өзі осы «Миранда ережесінен» туындайтын әрекеттерді жасайды. Бұл қызметкердің провокацияға берілмеу иммунитетін қалыптастырады. Осылайша өз билігінің шектеулі екенін, «мен емес, сот шешеді» деген тұжырым қалыптасады. Билікті иемденіп кету қауіп екенін түсінеді және ұғынады.

Әрбір азамат заң көмегіне жүгінуге құқығы бар. Оны кейде азаматтар тек біреулерден естіп біледі. Бірақ кейбір істер бойынша адвокат-қорғаушы тағайындау міндетті болмайтын кездер де бар. Дегенмен ұстау барысында адвокат-қорғаушы көмегі қамтамасыз етілетінін баяндалуы қажет. Бұл қызметкер үрей, ал күдіктіге үміт артады. Ұстап жатқан азамат өзіне күш қолдану кезінде өзінде осындай шектеулер бар екенін «Миранда ережесі» болмаса, кім есіне түсіруі мүмкін.

Ал енді қылмыстық құқық бұзушылық жасаған азамат өзінің әрекетінің дұрыс емес екенін, мемлекет тарапынан ендігі жерде әділетті шаралар қабылданатынын, егер ұстау тергеу әрекеті барысында қарсы күш көрсетпесе, маған өз құқықтарым жан-жақты түсіндіріліп, ауыр дене жарақаттарын келтірмейтініне, алдағы уақытта тергеп-тексеру объективті түрде жүретініне, соттың шешімі әділетті болады деген бір-біріне тәуелді құндылықтар жұмыс істейтінін ұғынып, «алдағы уақытта дұрыс құндылықтарды таңдай білуім қажет» деген ой қалыптасуы мүмкін.

«Миранда ережесі» арқылы қылмыстық сот өндірісінің барлық сатылары қоғамдық мүддеге оңтайлы жұмыс істейді деп ойлаймын. 2014 жылы қабылданып 2015 жылы күшіне енген ҚР Қылмыстық процестік кодексінің 131 бабында бұл ереже бар. Ал Конституцияда бекітілуі бұл ереженің беделін көтереді.

– Ата заңда жекелеген өңірлерге «қарқынды дамитын қала» атты арнаулы құқықтық режим берілуі мүмкін екендігі айтылған. Бұл қаншалықты маңызды?

– Эксперимент – бұл мүмкіндік. Ал мүмкіндік сыналуы қажет. Елде бұл төңіректе біраз алып-қашпа әңгіме көп. Арнаулы құқықтық режим беру мемлекет тұтастығына ешбір нұқсан келмейді. Тек ерекше экономикалық аймақ құрып, оның оңы мен терісі сараланады. Егер тиімді болса, басқа қалалар бұл эксперимент нәтижесін басшылыққа алады.

– Қабылданған жаңа Конституция қазақ қоғамына қандай өзгеріс әкеледі деп ойлайсыз?

– Құқықтық, демократиялы, зайырлы мемлекет ретінде орнықтығымыз күшейе түседі. Дербестігімізбен, мемлекеттілігіміз нығаяды. Енді ғылым, инновация, білім, еңбек сияқты мықты индикаторлар ұлт идеологиясына айналады. Ел Тәуелсіздігінің және ішкі бірлігінің мызғымастығына кепіл болатын тұжырымдамалар қалыптасады.

– Ғалым ретінде ғылымды Конституция деңгейінде қорғау ғылымның дамуына қалай ықпал етеді деп ойлайсыз?

– Құжатта ғылым туралы бірнеше рет аталған. Ғылымсыз болашақты жоспарлау мүмкін емес екені белгілі. Қазақстан Республикасы адам капиталын, білімді, ғылымды, инновацияны дамытуды мемлекет қызметінің стратегиялық бағыты деп таниды. Яғни, мемлекет осы аталған категорияларды дамыту басты міндеті деп қабылдауы, әрине, ғылымға деген көзқарас, онымен айналысатын азаматтарды қамқорлыққа алу одан әрі күшейеді деп есептеймін.

Ғылымды басты мәселе деп қабылдаса, ел экономикасын көптеген жылға жоспарлап, болжауға мүмкіндік болады.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Басы 1-бетте

АДАМ САУДАСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ – ҚОҒАМНЫҢ ОРТАҚ МІНДЕТІ

Адам саудасы – қазіргі замандағы ең қауіпті және жасырын қылмыстардың бірі. Ол адам құқықтарын өрескел бұзумен қатар, адамдардың өмірі мен бостандығына қауіп төндіреді. Адам саудасының құрбандары көбіне еңбекке мәжбүрлеу, жыныстық қанау, заңсыз қызметтерге тарту немесе құжаттарын тартып алып, еркіндігін шектеу сияқты жағдайларға тап болады. Сондықтан бұл қылмыстың алдын алу – мемлекет пен қоғамның маңызды міндеттерінің бірі.

Адам саудасы деген не?

Адам саудасы – адамдарды алдау, күш қолдану, қорқыту немесе сенімін пайдалану арқылы жұмысқа, қызмет көрсетуге немесе басқа да мақсаттарға заңсыз пайдалану. Көп жағдайда қылмыскерлер адамдарды жоғары жалақы, жақсы жұмыс немесе шетелде өмір сүру мүмкіндігімен алдап, кейін оларды қиын жағдайға түсіреді.

Қауіптің негізгі себептері:

Адам саудасына ұрынуға әсер ететін бірнеше фактор бар:

- жұмыссыздық және қаржылық қиындықтар;
- шетелде жұмыс істеуге деген қызығушылық;
- заңды ақпараттың жеткіліксіздігі;
- интернет арқылы жалған жұмыс ұсыныстары.

Әсіресе жастар, жұмыс іздеп жүрген азаматтар және әлеуметтік жағдайы төмен адамдар қауіп тобына жатады.

Келесі жағдайлар адам саудасының белгісі болуы мүмкін:

- адамның құжаттарын тартып алу;
- жұмысқа мәжбүрлеу және жалақы төлемеу;
- еркін жүріп-тұруына шектеу қою;
- қорқыту немесе күш көрсету.

Осындай жағдайларды байқасаңыз, міндетті түрде тиісті органдарға хабарлау қажет.

Алдын алу жолдары:

Адам саудасының алдын алу үшін әр азамат келесі сақтық шараларын ұстануы керек:

1. Шетелге немесе басқа қалаға жұмысқа шықпас бұрын жұмыс беруші туралы толық ақпарат тексеру.
2. Құжаттардың көшірмесін жақын туыстарға қалдыру.
3. Күмәнді немесе тым тиімді ұсыныстарға сақтықпен қарау.
4. Ресми еңбек келісімшартынсыз жұмысқа келіспеу.
5. Төтенше жағдайда хабарласатын байланыс нөмірлерін сақтау.

Адам саудасы – кез келген адамды құрбан етуі мүмкін ауыр қылмыс. Сондықтан әрбір азамат өз қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарап, күмәнді жағдайлардан сақ болуы керек. Қоғам болып бірлесіп, әрекет еткен жағдайда ғана адам саудасының алдын алып, адамдардың құқықтары мен бостандығын қорғауға болады

К.ЕРИМБЕТОВА,
«Туған жер» қоғамдық қозғалысы қауымдастығы

Қызылорда облысындағы барлық деңгейдегі сайлау науқандарына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты облыстық «Сыр бойы», «Кызылординские вести», қалалық «Ақмешіт апталығы» газеттерінде және «Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігіне кандидаттар үшін сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру бойынша 2026 жылға өз қызмет құнын ұсынады

Облыстық "Сыр бойы" газеті 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады. Газет форматы А2, Д2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері.

Таралымы – 21097 дана.

Облыстық "Кызылординские вести" газеті 1930 жылдың 1 қаңтарынан шығады. Газет форматы А2, Д2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері.

Таралымы – 5141 дана.

Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде:

бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 500 теңге;
ішкі беттерде орналастыру – 250 теңге;
ең соңғы түрлі-түсті бетте – 300 теңге.

***

Облыстық «Сыр бойы», «Кызылординские вести» газеттерінің syrboyi@yandex.kz, kzorda-vesti@yandex.kz сайттарына үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 28000 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.
2. Баннер 200 х 1180 px – 30000 теңге (1 апта);
400 х 800 px – 25000 теңге (1 апта).
Instagram: Post (video, photo, reels) – 15000 теңге
Stories – 10000 теңге
TikTok: Video – 15000 теңге
Stories – 10000 теңге
Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

***

Қалалық «Ақмешіт апталығы» газеті 1994 жылдың 15 сәуірінен шығады. Газет форматы А2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына екі рет: сейсенбі, сенбі күндері.

Газеттің таралымы – 3875 дана.

Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде: 95 теңге.

***

Қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің aqmeshit-aptalygy@yandex.kz сайтына үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 16800 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.
2. Баннер 200 х 1180 px – 10000 теңге(1 апта);
400 х 800 px – 8000 теңге(1 апта).
Instagram: Post (video, photo, reels) – 10000 теңге
Stories – 8000 теңге
TikTok: Video – 10000 теңге
Stories – 8000 теңге
Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге

Қызылорда облысындағы барлық деңгейдегі сайлау науқандарына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты «Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігіне кандидаттар үшін сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру бойынша 2026 жылға өз қызмет құнын ұсынады

«Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігіне үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 28000 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.
2. Баннер 200 х 1180 px – 30000 теңге (1 апта);
400 х 800 px – 25000 теңге (1 апта).
Instagram: Post (video, photo, reels) – 15000 теңге
Stories – 10000 теңге
TikTok: Video – 15000 теңге
Stories – 10000 теңге
Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

Төлемі үгіт материалдарын орналастыру үшін жасалған келісім-шарт бойынша ұсынған төлем шоты негізінде 5 (бес) жұмыс күнде жүзеге асырылады. Демалыс және мереке күндерінен басқа шығарылымдарда жариялануына байланысты үгіт материалдарына тапсырыс 5 (бес) жұмыс күн бұрын алдын ала қабылданады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А (Назарбаев Зияткерлік мектебінің жанында). Жарнама бөлімі: 8 (7242) 70-00-52, коммутатор: 40-11-10 /1058/, e-mail: sm-jarnama@yandex.kz

ӘЛЕУМЕТТІК АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫ – НАЗАРДА

Соңғы жылдары халықтың күнделікті тұтынатын азық-түлік бағасы өзекті мәселелердің біріне айналды. Әсіресе, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру – мемлекеттің басты бағыттарының бірі. Тұрғындар көп тұтынатын тауар бағасын бақылау мақсатында Үкімет тиісті жұмыс атқаруда. Өйткені қарапайым халық үшін әлеуметтік азық-түлік бағасын тұрақтандыру өзекті болып отыр.

алынып, жеткізушілермен, сауда желілерімен жүйелі жұмыс жүргізілуде. Бақылау жұмыстары жөнінде айтсақ, биылғы 5 қаңтардан бастап ҚҚС мөлшерлемесі 12%-дан 16%-ға көтерілгенімен, өңірде ең қажетті азық түлік түрлерінің күрт қымбаттауы тіркелмеген.

Жақында ҚР Премьер-министрінің орынбасары – ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің төрағалығымен инфляция динамикасы мен әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының ахуалына арналған кезекті кеңес өтті. Онда азық-түлік инфляциясын төмендету жалғасып жатқаны айтылды. Мәселен, зерттеулер нәтижесінде баға желтоқсандағы 13,5%-дан қаңтарда 12,9%-ға, ақпанда 12,7%-ға дейін төмендеген. Сауда және интеграция бірінші вице-министрі Айжан Бижанованың сөзіне сүйенсек, бұған әсер еткен факторлардың бірі – әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары тізімінің жаңартылуы. Аталған тізім 19 атаудан 31 атауға дейін кеңейтілді. Бағаның тұрақтануына әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына белгіленген шекті сауда үстемесінің сақталуына мемлекеттік бақылаудың күшейтілуі де ықпал етуде.

Жыл басынан бері Сауда комитеті тиісті талаптарды бұзғаны үшін 800-ден астам әкімшілік іс тіркеген. Жалпы ел бойынша инфляция бесінші ай қатарынан баяулап келеді. 2025 жылдың қыркүйектегі дерегі бойынша 12,9%-дан 2026 жылғы ақпанда 11,7%-ға дейін төмендеген. Наурыз айының алғашқы аптасында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының өсу индексі 0,1%-ды құраған. Әдетте наурыз айында

маусымдық баға өсімі байқалады. Дегенмен Сауда және интеграция министрлігі оны қосымша баға акцияларын ұйымдастыру және ауыл шаруашылығы жәрмеңкелерін кеңейту арқылы тежеуді жоспарлап отыр. Сонымен қатар көрші елдерден көкөніс өнімдерін жеткізуге арналған «жасыл дәліз» механизмі де өз жұмысын жалғастыруда.

Үкіметтің тапсырмасы бойынша әр облыста тиісті басқармалар мен әкімдік өкілдерінен тұратын арнаулы бақылау топтары құрылып, жұмыс істеуде. Биылдан бастап әлеуметтік маңызы бар, күнделікті қажетті азық-түліктің тізімі 19-дан 31 атауға дейін кеңейтілгені белгілі. Бұған қосымша көкөніс пен жеміс (қызанақ, қияр, алма), ет, сүт өнімдері, шай мен балықтың бес түрі енгізілді. Осы тізімдегі азық-түліктің барлығы бақылауға Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы берген мәліметіне сүйенсек, сауда желілері негізінен тез өтетін тауарлардың бағасы қайта жаңартып жатқанымен, әлеуметтік маңызы бар өнімдердің бағасы бірқалыпты деуге болады.

Әлеуметтік маңызы бар негізгі азық-түлік тауарларының бағаларын тұрақтандыру мақсатында өңірлік тұрақтандыру қорында 2304,3 тонна өнім көлемі қалыптастырылған. Оның ішінде 905,9 тонна картоп, 14,1 тонна қырыққабат, 314,8 тонна пияз, 0,6 тонна рожки, 96,1 тонна күнбағыс майы, 305,9 тонна сәбіз, 124,7 тонна ұн, 85,2 тонна күріш, 417,5 тонна қант, 1,0 тонна қарақұмық, 38,5 тонна тұз бар. Бұл өнімдер қала орталығындағы 36 әлеуметтік дүкендерде және әлеуметтік бұрыштарда сатылуда.

Бағаны тұрақтандыру саясатына жыл сайын демалыс күндері өтетін жәрмеңкелер де елеулі үлес қосатыны белгілі. Атап айтсақ, 2025 жылы апта сайын жәрмеңкелер тұрақты түрде ұйымдастырылып, 161 жәрмеңкеге 5,1 мың тонна өнім көлемі шығарылған. Биыл 20 жәрмеңке ұйымдастырылған.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің алдағы маусымаралық кезеңге өңірлердің тұрақтандыру қорларына қала халқының 3 айлық көкөніске қажеттілігінің 50% қорын қалыптастыру жөніндегі тапсырмасына сәйкес «Байқоңыр» ӘКК» АҚ-мен 8 162,3 тонна көкөніс көлемінде келісімшарттар жасалды. Бүгінгі күні осы көлемнен 2 574,4 тонна көкөніс жеткізілген.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ



ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР НЕСИЕ АЛУДАН БАС ТАРТА БАСТАДЫ МА?

Басы 1-бетте

Несие алудың азаюы қоғам үшін пайдалы болуы мүмкін. Халықтың қарыз жүктемесі азайып, қаржылық тұрақтылығы артады. Мысалы, ай сайынғы табыстың үлкен бөлігін банкке төлеудің орнына, адамдар жинақ жасауға немесе басқа маңызды қажеттіліктерге қаражат жұмсауға мүмкіндік алады. Ұзақ мерзімде бұл отбасылық бюджетке оң әсер етуі ықтимал. Алайда бұл үрдістің кері жағы да бар. Банктердің талабы күшейген сайын табысы төмен немесе тұрақсыз азаматтар үшін ресми қаржы ұйымдарынан несие алу қиындайды. Мұндай жағдайда кейбір адамдар балама қаржы көздерін іздеуі мүмкін. Кейде олар микроқаржы ұйымдарына немесе жеке қарыз берушілерге жүгінеді. Микро ұйымдардан несие алу оңай болғанымен, пайыздық мөлшерлеме әлдеқайда жоғары болуы мүмкін. Сондықтан тез несие алу кейде азаматтардың қаржылық жағдайын одан әрі қиындатады. Ұлттық Банк деректеріне сәйкес, 2024 жылы жеке тұлғаларға берілген несие көлемі 23,5%-ға өссе, 2025 жылдың соңында өсім 17,7%-ға дейін баяулаған. Ал бизнесті несиелеу көлемі керісінше

17,9%-дан 19%-ға дейін артқан. Бұл банктердің қаражаты біртіндеп экономиканың өндірістік секторына бағытталып жатқанын көрсетеді.

2024 жылы Қасым-Жомарт Тоқаев халықтың шамадан тыс несие алуын азайту және қарыз алушылардың құқықтарын қорғау жөнінде тапсырма берді. Бұл шешім азаматтарды қаржылық қиындықтан қорғау және банктердің тұрақтылығын сақтау мақсатында қабылданды. Тапсырманы жүзеге асыру үшін 2024 жылғы маусымда жаңа заң қабылданып, онда кредит беру кезінде тәуекелдерді азайту және қарыз алушылардың құқықтарын қорғау мәселелері нақты көрсетілді. Заң нәтижесінде 614 мың адам проблемалық қарыздарын қайта құрылымдап, кейбір жағдайларда толық кешірім алды.

Экономист Айбар Олжай еліміздегі несиелердің қымбаттауы, мемлекеттік шектеулердің қатаңдығы мен бұған дейін несие төлеу тәртібі бұзылған несие алушылардың қарыз алуға мүмкіндігі болмауы еліміздегі шамадан тыс қарыз алушылардың қатарын кеміткен. Бір несиені келесі бір несиемен жабатын тұтынушыларға да қарыз беру банктерге үлкен тәуекелге айналған.

– Банктер қазір кәсіпкерлерге несие беруді қолға алып, комиссиялы бизнеске көше бастады. Яғни олар қарыз беріп, соның пайызынан табыс тапса, келесісі аударымдардан түсетін комиссиялардан пайда табады. Банктер осындай қызмет көрсету жүйесі арқылы пайда табу жолына өтуде, – дейді экономист.

Қаржы нарығын реттеу агенттігі 2024-2028 жылдарға арналған қаржы нарығын дамыту жоспарын іске асыруда. Жоспар аясында жүзеге асырылып жатқан шаралар қаржы нарығының тиімділігін арттырып, ел экономикасының тұрақты өсуіне және халықтың қаржылық әл-ауқатының жақсаруына ықпал етеді. Өткен жылы елімізде қауіпсіздікті жақсарту және азаматтардың қарыз ауыртпалығын азайту үшін қолма-қол ақшамен несие берудегі жаңа ережелер мен шектеулер енгізілді. Олар – онлайн несие беру алдындағы «сабыр кезеңі» және «жұбайының келісімі» талабы. Осы арқылы онлайн несие алуға өтініш беру қауіпсіз бола түсті. Енгізілген өзгерістердің арқасында қолма-қол ақша несиелері өтініш берген кезде «салқындату кезеңінде» қаражат шотқа бірден түспейді. Егер қарыз алушы күту кезеңінде ойын өзгертсе, өтініш жойылады және қаражат берілмей импульсивті шешімдерден сақтандырады. Сонымен бұл жүйе қалай жұмыс істейді? Егер сіз 150 АЕК-ке дейін несие алуға өтінім берсеңіз күту уақыты жоқ, ақша мезетінде түседі. Ал 150 АЕК-тен 255 АЕК-ке дейін несиеге өтінім кезінде 8 сағат ойлануға уақыт беріледі. Ол одан жоғары 255 АЕК-тен астам соманы банк бір тәуліктен кейін ғана аударады. Бұл «үзіліс» кезінде банк те, қарыз алушы да бәрін қайта тексере алады. Статистика бойынша, алаяқтардың құрығына түскендердің көбі 24 сағат ішінде жағдайды түсініп, несиеден бас тартып үлгереді екен. Егер клиент банкке барып жеке өтініш берген кезде тыныштық кезеңі болмайды. Түптеп келгенде, жаңа ереже тұтынушылардың құқықтарын қорғауды мақсат етеді.

Бір несиені келесі бір несиемен жабатын тұтынушыларға да қарыз беру банктерге үлкен тәуекелге айналған.

Тағы бір өзгеріс 1000 АЕК-тен асатын сомада қолма-қол ақшалай несие алу кезінде жұбайынан келісімін алу талап етіледі. Егер қарыз алушы некеде тұрса және айтарлықтай соманы қарызға алуды жоспарласа, жұбайының келісімі қажет болады. Бұл отбасына хабарламай жасырын түрде несие алуына жол бермейді. Бұл талап қолма-қол ақша несиелері мен микронесиелерге қолданылады. Жұбайының рұқсаты автонесие сияқты басқа несие түрлеріне қолданылмайды. Жаңа талап отбасындағы қаржылық тәртіпті нығайтуға бағытталған.

Соңғы кезде адамдар өз қаржылық мүмкіндіктерін бұрынғыдан мұқият бағалай бастағаны байқалады.

– Шынымды айтсам, бұрын телефонмен-ақ бес минутта несие ала салатынбыз. Үйіміздегі төрт адамның төртеуінде де қарыз, айлығымыз тек пайызын жабуға кететін. Қазір банктердің талапты күшейткені дұрыс болды деп ойлаймын. Жақында балам несие алайын деп еді, банктен «төлем қабілетіңіз жетпейді» деп қайтарып жіберді. Басында ренжісек те, кейін ойланып, тағы бір қарызға батпағанымызға шүкір дедік. Қазір «көрпеңе қарай көсілуді» үйреніп жатырмыз, – дейді қала тұрғыны Маржан.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мәдина Әбілқасымова Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа тұтынушылық кредиттер беру 2024 жылмен салыстырғанда екі есе төмендегенін жеткізді. Сондай-ақ үш жылдан бес жылға дейінгі мерзімге және тәуекелі жоғары қарызды беруге шектеу қойылды. Елімізде төрт миллионнан астам адам жаңа несиелерден ерікті түрде бас тарту мүмкіндігін пайдаланған.

Тұтынушылық несие беру 2024 жылмен салыстырғанда екі есе төмендеген.

Bank» басшысы Үміт Шаяхметова Ұлттық банктің ең төменгі резервтік талаптарды арттыруы және қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің тұтынушылық несие беру ережелерін қатаңдату банк секторына әсер ете бастағанын жеткізді. Адамдар бұрынғыдай жаппай несие алуды азайтқан. Сұраныс төмендеп, тәуекелдер артқандықтан банктер нарыққа «жаңа қарыз ақшаларын» шығаруды азайтқан. Белгілі бір деңгейде халықтың қаржылық сауаттылығының артуы, қарыз салдарын түсіну, табыс пен шығынды жоспарлау сияқты дағдылар қоғамда біртіндеп қалыптасып келеді.

– Біз қаңтар-ақпан айларында, тіпті тұтынушылық несиелерін берудің жалпы көлемінде де, эмиссияның өсу қарқынының айтарлықтай төмендеуін байқап отырмыз. Теңгенің басқа валюталардан салыстырмалы түрде құнды болуы көптеген компания доллар немесе юаньмен несие алуға қызығушылығын арттырған, – деп атап өтті Үміт Шаяхметова.

Қазақстанда тұтынушылық несие беру қарқынын төмендетуге бағытталған жаңа талаптар 2025 жылдың 24 қарашасында күшіне енді. Қаржы нарығын реттейтін орган банктердің несие беру стандарттарын қатаңдатқан. Егер банк тәуекел тобындағы адамға несие берсе, «қымбатқа» түседі және банк осы тәуекелді азайту үшін несиені шектейді. Нәтижесінде тәуекел тобындағы 1,5 миллион адам банкке өтініш берсе, олардың көбісі несие ала алмайды. Осының әсерінен нарықтағы тұтынушылық несие көлемі төмендейді.

Үміт Шаяхметова банк жүйесінде Ұлттық банктегі корреспонденттік шоттардағы қалдықтардың артуы және жалпы банктік өтімділіктің төмендеуі байқалып жатқанын да хабарлады. Банкте несие беруге арналған ақша көлемі кеміген кезде банктер өз қаржыларын сақтықпен жұмсауға көшеді. Тәуекелі жоғары клиенттерге несие беру көлемін азайтады немесе пайыздық мөлшерлемесін көтереді. Халықтан сұраныс болуы мүмкін, бірақ банктердің өзінде қаражат жеткіліксіз болғандықтан, кредит алу шынайы түрде азаяды.

Несие азайды, бірақ қарыз мәселесі сақталып отыр

Дәстүрлі ірі несиелердің орнына азаматтар «бөліп төлеу» және «қазір сатып ал, кейін төле» қызметтерін жиі пайдалана бастады. Яғни бір үлкен несие алудың орнына адамдар күнделікті қажеттіліктер үшін бірнеше шағын несие рәсімдейді. Бұған инфляцияның жоғары болуы мен халық табысының төмендеуі әсер етіп отыр. 2023 жылы қабылданған жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң қарыз мәселесін шешуге көмектеседі деп

– Халықтың шамадан тыс кредит алуын азайту мақсатында банктер мен микроқаржы ұйымдары 703 мың азаматтың қарызын реттеп, ішінара кешірді. «Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы» заң қолданысқа енгелі бері банктер 56 мың адамның 209,7 миллиард теңге берешегіне кешірім жасады. Ипотекалық тұрғын үй займдарын қайта қаржыландыру бағдарламасы аясында 1,2 мың қарыз алушыға қолдау көрсетілді. Микроқаржыландыру және коллекторлық агенттіктер нарығындағы 58 субъект лицензиясынан айырылды. Оның ішінде 23-і мәжбүрлі түрде тоқтатылды, ал 9 субъектінің лицензиясы алынды, – деп мәлімдеді Мәдина Әбілқасымова.

Алматыда өткен XIII CFO Summit қаржы директорлары форумында «Halyk жоспарланған. Алайда іс жүзінде бұл механизм талаптар мен рәсімдердің күрделілігінен толық тиімді жұмыс істемей, 2025 жылы берілген 270 мыңнан астам өтініштің тек 12%-ы ғана мақұлданған.

Өткен жылдың соңында мерзімі 90 күннен асқан қарыз көлемі шамамен 3,5 млрд долларға жеткен. Қорыта айтқанда, тұтынушылық несие беру қарқыны баяулағанымен, халықтың қарыз мәселесі толық шешілген жоқ. Қарыз жүктемесі азайғандай көрінгенімен, ол тек түрін өзгертіп, бөліп төлеу мен шағын несиелер арқылы жалғасып отыр. Бұл жағдай алдағы жылдары қаржы жүйесі үшін назарға алатын мәселе болып қала бермек.

Думан КЕҢШІЛІК

БАСЫ 1-БЕТТЕ

КАРБОН ЕГІНШІЛІГІ: ОПЫРАҚ ҚҰНАРЫН АРТТЫРУДЫҢ ЖОЛЫ

«Nature» журналында жарияланған мета-талдау мәліметтеріне сүйенсек, мұндай жабын топырақтағы органикалық заттарды жылына орташа есеппен 10-20 пайызға арттыра алады.Тағы бір маңызды қадам – алқаптарды ағашпен қоршау. Агроорманмелиорация деп аталатын бұл әдіс желдің екпінін басып, егінді ыстықтан қорғайды. Дүниежүзілік банк деректері бойынша, ағаш егілген алқаптар қазіргі егістікке қарағанда көміртекті үш есе көп жинайды. Бұл тек экологияға емес, фермердің қалтасына да пайдалы, себебі өнімділік артады. Мал шаруашылығында да айтарлықтай өзгерістер бар. Жайылымдарды жүйелі пайдалану, яғни малды бір жерде ұзақ ұстамай, кезекпен жаю арқылы шөп тамырын нығайтуға болады. Мықты тамыр – көміртектің жер астындағы ең сенімді қоймасы. Ал күріш егетін өңірлерде су деңгейін басқару арқылы метан газының бөлінуін едәуір азайтуға болатыны ғылыми дәлелденген. Карбон егіншілігі – жердің құнарын қайтарудың жалғыз жолы. Еуропалық Одақ елдері қазірдің өзінде топырақта көміртек жинаған фермерлерге арнайы субсидия төлеуді бастап кетті. Бұл табиғатты қорғай отырып, табыс табудың жаңа үлгісі.

Топырақ – климат қорғаны

Бүгінгі таңда ауыл шаруашылығы саласы тек өнім алу көзі емес, табиғатты сақтаудың басты құралына айналып келеді. Осы бағыттағы тың қадамның бірі – карбон егіншілігі. Бұл әдістің негізі қарапайым: топырақты органикалық көміртекпен байыту арқылы топырақ құнарын арттыру және ауа райының өзгеруіне тосқауыл қою. Топырақтағы құнарлылық деңгейі ондағы органикалық заттарға байланысты. Олар өсімдік қалдықтары, тамыр жүйесі мен пайдалы микроорганизмдер арқылы табиғи түрде жиналады. Бұл процесті реттеудің екі негізгі жолы бар. Алдымен, егіс алқаптарында биомассаны көбейтіп, тамыры терең дақылдарды егу арқылы топыраққа көміртектің көбірек сіңуіне жағдай жасау керек. Екіншіден, жиналған байлықты сақтап қалу маңызды. Ол үшін жердің эрозияға ұшырамауын қадағалап, ылғалды дұрыс сақтау және топырақтың тым тез тозуына жол бермеу қажет. Ғалымдар бұл амалды ауыл шаруашылығын табиғи жүйелерге барынша жақындату деп түсіндіреді. Мұндай тәсіл тек ауадағы зиянды газдарды азайтып қана қоймайды, сонымен бірге жердің су режимін жақсартып, өнімділікті еселей түседі. Демек, карбон егіншілігі – Жер-Ананың денсаулығы мен болашақ өнімнің басты кепілі.

Климаттық есептілік: Көміртекті бақылаудың жаңа деңгейі

Карбон егіншілігінің болашағы тек жерді өңдеуде ғана емес, сол жерден алынған нәтиженің қаншалықты дәл екендігінде жатыр. Бүгінде халықаралық деңгейде кеңінен қолданылатын MRV жүйесі ауыл шаруашылығындағы «көрінбейтін» жетістіктерді нақты цифрларға айналдыратын басты құрал. Мониторинг, есеп беру және тексеру деген үш негізгі кезеңнен тұратын бұл тетік көміртегі жобаларының ашықтығын қамтамасыз етеді. Мамандар топырақтың құрамын тікелей далалық жағдайда тексеріп, ондағы органикалық көміртектің үлесін жоғары дәлдікпен анықтайды. Бұл ретте тек көмірқышқыл газы ғана емес, сонымен қатар атмосфераға әсері 25 есе күшті метан мен 300 есе қуатты азот тотығында арнайы камералар арқылы қатаң бақылауға алынады. Заманауи технологиялар бұл процесті жеңілдете түсті. Қазіргі таңда спутниктік зондтау арқылы өсімдік жамылғысы мен топырақ ылғалдылығы ғарыштан бақыланады. Еуропалық ғарыш агенттігінің (ESA) мәліметтері бойынша, қашықтан бақылау технологиялары мониторинг шығындарын айтарлықтай азайтып, деректердің дәлдігін 90%-ға дейін жеткізуге мүмкіндік беріп отыр. Демек, MRV жүйесі экологиялық бастамаларды нақты экономикалық табысқа айналдыратын сенімді көпір.

Жер-Ананы демеу: Карбон егіншілігі жаһандық трендке айналды

Топырақтың көміртегін сіңіру қабілетін арттыруға негізделген «карбон егіншілігі» қазіргі таңда көптеген мемлекетте сәтті сынақтан өтуде. Бұл бағытта Австралия мемлекеті көш бастап тұр. Мұнда көміртек бірліктерін шығарудың арнайы жүйесі енгізіліп, топырақ құнарын өлшеу арқылы нақты есеп жүргізіледі. Соңғы мәліметтерге сәйкес, бұл елде 400-ден астам осындай жоба тіркелген. Дегенмен, сарапшылар көміртек алу процесінің күрделі екенін, топырақтағы оң өзгерістерді растау үшін бірнеше жыл қажет екенін айтады. Африка құрлығындағы Кения тәжірибесі де көңіл қуантады. Жергілікті фермерлер қауымдастығы бірігіп, агроорман жүйесін енгізу арқылы топырақтың эрозияға ұшырауын тоқтатты. Халықаралық зерттеулер көрсеткендей, Кенияның ауыл шаруашылығы карбон жобасы аясында 60 мыңнан астам фермер тек өнімділікті арттырып қана қоймай, сату арқылы қосымша табыс тауып отыр. Бұл тәсіл кедейшілікпен күресте тиімді құрал екенін дәлелдеді. Еуропа Одағы болса, бұл мәселеге құқықтық тұрғыдан келіп, көміртегін сертификаттаудың бірыңғай жүйесін әзірлеуге кірісті. Еуропалық комиссияның дерегінше, бұл қадам нарықтағы алаяқтықты жойып, халықаралық инвесторлардың сенімін арттырады. Сонымен қатар мұхиттың арғы жағындағы АҚШ-та климаттық жобаларға айрықша көңіл бөлуде. Америка үкіметі климатқа бейім ауыл шаруашылығы саласын қолдау үшін 20 миллиард доллардан астам инвестиция бөліп, фермерлерге зиянды қалдықтарды азайтатын жаңа технологияларды енгізуге жағдай жасады. Бұл бағдарламалар алдағы уақытта ауыл шаруашылығы саласын «жасылэкономиканың» қозғаушы күшіне айналдырмақ.

Қазақстанның жасыл белесі

Қазақстан жаһандық климаттық өзгерістерге қарсы күресте батыл қадам жасап, 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізуді стратегиялық басымдық ретінде айқындады. Бұл бағытта ауыл шаруашылығы саласына ерекше жауапкершілік жүктеліп отыр. Ел үкіметі мен ғалымдар топырақтың табиғи әлеуетін пайдалана отырып, парниктік газдарды ауаға таратпай, жер астында сақтаудың тиімді жолдарын іздестіруде. Осы мақсатта құрылған «KAZ AGRO CARBON» агроклиматтық полигоны еліміздегі көміртек теңгерімін ғылыми негізде зерттейтін алғашқы ірі алаңға айналды. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы министрлігі халықаралық сарапшылармен бірлесе отырып, еліміздің әр өңіріндегі топырақ жағдайын көрсететін цифрлық картаны әзірлеуді қолға алды. Бұл құжат қай өңірде көміртек жобаларын тиімді жүзеге асыруға болатынын нақты көрсетіп береді.

Жасыл реформа: Карбон егіншілігі ауыл шаруашылығы саласын жарқын ете ме?

Карбон егіншілігі – бүгінде жай ғана экологиялық термин емес, ауыл шаруашылығы мен климат саясатын ұштастырған стратегиялық бағыт. Бұл әдіс топырақтың құнарын арттыра отырып, атмосферадағы зиянды көмірқышқыл газын жер астына «бұғаулауға» мүмкіндік береді. Дүниежүзілік банктің зерттеулеріне сүйенсек, көміртегін сату нарығы алдағы жылдары әлемдік экономиканың ажырамас бөлігіне айналады. Қазақстан үшін бұл бағыт – экологиялық парыз ғана емес, аграрлық сектордың тұрақты дамуын қамтамасыз ететін үлкен мүмкіндік. Әсіресе, Қызылорда облысының бұл жобаны жүзеге асыруда орны ерекше. Өңірдің күрделі табиғи жағдайына қарамастан, карбон егіншілігін енгізу арқылы топырақтың деградациясын 20-30 пайызға азайтуға болатыны ғылыми дәлелденген. Сарапшылардың мәліметінше, су ресурстарын үнемді пайдалану мен егін түрін әртараптандыру өңірдің экономикалық тұрақтылығын едәуір нығайтпақ. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, топыраққа көміртегін жинақтау технологиясы астық шығымдылығын орта есеппен 10-15 пайызға арттыруға септігін тигізеді.

Алдағы уақытта елімізде іске қосылатын пилоттық жобалар Қазақстанның жеке «ұлттық карбон моделін» қалыптастыруға жол ашады. Бұл тек қоршаған ортаны қорғау емес, сонымен қатар «жасыл экономикаға» нық қадам басудың алғышарты. Осылайша, дәстүрлі егіншіліктен жоғары технологиялық және экологиялық таза ауыл шаруашылығына көшу кезеңі басталмақ. Бұл қадам Қазақстанды жаһандық экологиялық картада жаңа қырынан танытары анық.

ТҰТАНҒАН ТЕМЕКІ, ТҰНШЫҚҚАН ПЛАНЕТА

Қазіргі таңда экологиялық мәселелер туралы сөз қозғалғанда, көпшілігіміз алпауыт зауыттар, пластикке толы өзен-көлдерді көз алдымызға елестетеміз. Алайда адамзат баласы күнделікті аяқ астына тастай салатын темекі тұқылының жаһандық апатқа айналып отырғанын аңғара бермейді. Бір қарағанда зиянсыз көрінетін бұл қалдық шын мәнінде Жер шарының экожүйесін іштен кеміріп жатқан улы заттардың жиынтығы. Темекі өндірісі мен оны тұтыну тек адам денсаулығына ғана емес, біз тыныс алып отырған ауа мен табан астындағы топыраққа орны толмас нұқсан келтіруде.



Түтінге тұншыққан атмосфера

Темекі шегу тек жеке адамның өкпесін зақымдап қоймай, жаһандық деңгейде ауаның химиялық құрамының өзгеруіне әсер етеді. Халықаралық зерттеулерге сүйенсек, темекі түтінінің құрамында жеті мыңнан астам химиялық қоспа бар, оның ішінде ауру тудыратын канцерогендер бар. Бұл зиянды газдар тек жабық бөлмелерде ғана емес, ашық аспан астында да ауаның ластану индексін айтарлықтай көтереді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, темекі өнеркәсібі жыл сайын атмосфераға шамамен 84 миллион тоннаға жуық көмірқышқыл газын бөледі. Бұл көрсеткіш ірі мегаполистердегі автокөлік кептелістері тудыратын зиянмен бірдей. Темекі түтініндегі азот оксидтері мен метан сияқты парниктік газдар климаттың жылынуына тікелей әсер етеді. Осылайша, әрбір тұтанған темекі планетаның температурасын көтеруге кішігірім болса да әсер етеді.

Миллиардтаған тонна қоқыс немесе таусылмайтын темекі тұқылы

Темекі қалдықтары – әлемдегі ең көп таралған қоқыс түрі. Жыл сайын әлем бойынша адамдар 6 триллионға жуық темекі тұтынады, оның басым бөлігі тиісті қоқыс жәшіктеріне емес, тікелей табиғат аясына тасталады. Темекі сүзгілерінің басты мәселесі – олардың құрамындағы целлюлоза ацетаты деп аталатын биоыдырамайтын пластиктің болуында. Көптеген адам темекі сүзгісі мақтадан жасалған деп қателеседі, бірақ іс жүзінде бұл синтетикалық талшықтардың ыдырауы үшін ондаған жылдар қажет. Қоршаған ортаға тасталған бір ғана темекі тұқылының толық жойылып кетуі үшін он жылдан он бес жылға дейінгі уақыт керек. Осы уақыт ішінде ол жай ғана жатпайды, жаңбыр суымен шайылып, құрамындағы никотин, мышьяк, қорғасын және кадмий сияқты ауыр металдарды топыраққа бөледі. Статистикаға сүйенсек, бір ғана темекі тұқылы бір текше метр топырақты, суды улы заттармен ластауға қабілетті. Бұл бүкіл әлемдік мұхиттар мен өзендердің флорасы мен фаунасына тікелей қауіп төндіретін экологиялық апат.

Темекі қалдықтарының планетаға тигізетін зардабы тек химиялық ластанумен шектелмейді. Темекі өндірісі үшін жыл сайын алты жүз миллионға жуық ағаш кесіледі. Темекі жапырақтарын кептіру үшін орасан зор мөлшерде отын қажет, бұл өз кезегінде орман алқаптарының азаюына әкеп соғады. Ормансыз қалу – қоршаған ортаның тынысы тарылуы деген сөз. Сонымен қатар темекі тұқылдары жануарлар мен құстар үшін де өте қауіпті. Құстар мен теңіз жәндіктері қалдықтарды қорек деп қабылдап, жұтып қояды. Бұл олардың ас қорыту жүйесінің бұзылуына және жаппай қырылуына себеп болады. Пластик микроталшықтарға бөлінген темекі сүзгілері азық-түлік тізбегі арқылы қайтадан адам организміне оралады. Демек, табиғатқа тасталған әрбір қоқыс ерте ме, кеш пе, адам денсаулығына зиян келтіреді.

Жауапкершілік жүгі

Темекімен күрес тек медициналық тұрғыдан емес, экологиялық тұрғыдан да жүргізілуі тиіс. Көптеген дамыған ел темекі өндірушілерге қосымша экологиялық салық салып, қалдықтарды кәдеге жарату жауапкершілігін күшейтуде. Алайда басты мәселе – қоғамдық сананың төмендігінде. Темекі тұқылын кез келген жерге тастауға қатаң тыйым салмаса, планетаның ластануын тоқтату мүмкін емес. Темекі тек адамның жеке таңдауы немесе зиянды әдеті ғана емес, табиғатқа жасалған қастандық. Ауаны улы газдармен толтырып, топырақты пластикпен улаған әрбір тұқыл біздің ортақ үйіміздің іргетасын шайқалтуда. Табиғаттың тепе-теңдігін сақтау үшін темекі өндірісінің экологиялық ізін азайту және тұтыну мәдениетін түбегейлі өзгерту – уақыт күттірмейтін міндет. Темекінің бір тұқылы ертеңгі ұрпақты таза ауа мен мөлдір судан айыру екенін есте сақтағанымыз абзал.

Газітіміздің келесі саны 22 наурыз, жексенбі күні шығады

Бетті дайындаған София ХАЙРУЛЛА

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3875 Тапсырыс №444

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Думан КЕҢШІЛІК